

**«ЕСКЕНДИР» ЖЕКЕ БАЛАБАҚШАСЫ
БҰЙРЫҚ № 2**

04.09.2023 ж

2023–2024 оқу жылында консультативтік пункт жұмысын ұйымдастыру туралы

Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық және әдістемелік қолдау көрсету, мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ескендир» жеке бөбекжайында Консультативтік пункт өз жұмысын 2023–2024 оқу жылында ұйымдастырсын.
2. Консультативтік пункттің жұмыс жоспары мен жұмыс кестесі бекітілсін.
3. Консультативтік пункттің жұмысына жауапты тұлға болып Ж.А.Маратова тағайындалсын.
5. Ата-аналарға консультациялық көмек жеке және топтық түрде бекітілген кестеге сәйкес жүргізілсін.
6. Өткізілген жұмыстардың есебі арнайы журналда тіркеліп, қорытындысы оқу жылының соңында талдансын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



«Ескендир» жеке балабақшасының меңгерушісі

Б.Т.Базаралиева



Бекітемін
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір» балабақшасының
меңгерушісі Базаралиева Б.Т.

**2023 – 2024 оқу жылына арналған консультативтік
пунктің жұмыс кестесі**

Күні	Уақыты	Жауапты маман
Дүйсенбі	09:00-12:00	Консультативтік пункт жекешісі
Сейсенбі	14:00-17:00	Балабақша меңгершісі
Сәрсенбі	09:00-12:00	Консультативтік пункт жекешісі
Бейсенбі	14:00-17:00	Балабақша меңгершісі
Жұма	09:00-12:00	Консультативтік пункт жекешісі

Ескерту:

- Консультациялар алдын – ала жазылу арқылы немесе белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі.
- Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, дамыту және мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша тегін әдістемелік – педагогикалық көмек көрсетіледі.



B. T.

Бекітемін
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір»
бөбекжайының меңгерушісі
Базаралиева Б.Т.

**2023-2024 оқу жылына арналған
консультациялық пункт жұмысының жоспары**

Тамыз - 2023 ж



Ата-аналарға арналған консультациялық пункт жоспары (АКП)

Айы	Іс-шара	Уақыты	Жауапты
Қыркүйек	<p>1.2023-2024 оқу жылына үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың кеңес беру бөлімінің педагогикалық- психологиялық көмек беру жоспары.</p> <p>2 Бөбекжайда құрылған көмек көрсету орталығының жұмыс кестесімен таныстыру.</p> <p>3.Мектепке дейінгі ұйымға келетін балалардың ата аналары ішінен кеңес беру пунктiнiң көмегi керек ата аналарды анықтау.</p> <p>4.Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу.</p>	11.09.23	Меңгеруші Тәрбиешілер
Қыркүйек	<p>Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»</p> <p>1..Тренинг</p> <p>2.Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу.</p>	25.09.23	Тәрбиешілер
Қараша	<p>1.«Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық қабілетін дамыту»</p> <p>2.Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыстар жүргізу.</p>	20.11.23	Тәрбиешілер
Қаңтар	<p>1. «Дені сау бала-болашақ жемісі»</p> <p>Баланың физикалық қабілетін дамытатын ойындар топтамасы»</p> <p>2.Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу.</p>	15.01.24	Тәрбиешілер
Наурыз	<p>1. «Баланы тәрбиелеудің бес тәсілі»</p>	24.03.24	Тәрбиешілер

	2.Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыстар жүргізу.		
Мамыр	1.Нейрогимнастикалық ойындар арқылы қолдың ұсақ саусақ моторикасын дамыту. 2. Ата-аналардың сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу.	24.05.24	Тәрбиешілер
Мамыр	Баланы мектепке қалай дайындау керек. 2. Ата-аналардың сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу.	30.05.24	Тәрбиешілер

«Ескендир» жеке балабакшасы

Баяндама

Тақырыбы: Дені сау бала – болашақ жемісі

XXI - ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан - жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата - ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді.

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл - ойы айқын, өз - өзіне сенімді, жан - жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды.. Сондай - ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл - дағдыларын және дененің икемділігін, шапшандық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі оқу іс - әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Дене жаттығуы баланың жан - жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

- Танертеңгілік жаттығу
- Қимыл - қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

«Балабақшада тәрбие беру бағдарламасында» баланың дене – бітімінің жетілуі мен жеке басының дамуына дене шынықтыру сабақтары, шынықтыру әрекеттері үлкен үлес қосып отыр. Бала дене шынықтыру сабағында жалпы дамыту жаттығулары арқылы күш – жүгерлері шындай түседі. Денсаулықтарын нығайтып, ептілікке,

жылдамдыққа үйретеді, дене бітімдерін жан – жақты дамытып, келбеттері асқақтай түседі.

Біздің басты мақсатымыз, баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, балаларға түрлі жаттығулар жасату арқылы, дене мүсінін қалыпты, сау өсіру.

Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың ақыл – ойы, адамгершілігімен, еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді.

Түс қайта ұйқыдан тұрғасын: балаларды біртіндеп ояту, жалпылама жаттығулар өткізіледі, содан соң құрғақ ысқылау жүргізіледі, аяқ – қол, дене мүшелерін қызарғанша ысқылау орындалады.

Шынықтыру «Құрғақ ысқылау».

Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруды одан әрі жалғастыру, денсаулығын сақтау, балалардың денесінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасау.

Осы шынықтыруға керекті құралдар әр балаға (аты жазылған) 1 қолғап.

Алдын ала жұмыс кезінде - құрғақ ысқылау жүргізіледі. Бұл шынықтырудың қарапайым түрі. Бұл ысқылау кезінде балалардың денесі, тері клеткалары сырттан болған әсерге бейімделеді. Денені қызарғанға дейін ысқылайды. Содан соң ылғалды ысқылауға көшеді.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру,

кабілетін арттыру – ең басты міндетіміз. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осы орайда «Салтанат» балабақшасында «Балабақшада денсаулық сақтау технологиясын тиімді пайдалану» атты оқу әдістемелік кешені жарық көрді. Авторы: Галиева Г.Т, Байдрахман А.Ж, Абайдельдина А.Ж. Жұмысты жазудағы негізгі мақсат — мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыра отырып, денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану болып табылады. Қазіргі кезде оқу әдістемелік кешен ересек «Айналайын» тобында вариативтік компонент ретінде қолданылуда. Жоспарға сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметі өткізіліп, балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытып, шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлауларын дамытуға мүмкіндік беруде. Мектепке дейінгі ұйымындағы денсаулық сақтау педагогикалық технологияларына келсек, мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік — психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау іс — шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады. Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз қажет.

«Ескендир» жеке балабакшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Баланы тәрбиелеудегі бес тәсіл»

225

«Тәрбиеге әсер беретін нәрсе – баланы жан-жақты білу» дейді Жүсіпбек Аймауытов. Рас, кейде баланың болмысы мен табиғатын терең танымай, айтқанымызға көндіруге тырысамыз. Қабілетін ескермей, шамадан тыс тапсырма жүктейміз. Әке мен бала арасындағы түсінбеушілік осыдан басталады екен. Осы ретте бала тәрбиесіне қатысты білсек – байқамай қалатын, сезсек – сезінбей жататын бірнеше факторларды ескере кеткіміз келеді.

Біріншіден, оған сөзбен емес, іспен үлгі болу. «Айтпа – көрсет, үндеме – үйрет» деген принцип осындайда ауадай қажет. Оның көзінше күнәлі іске бой алдырмай, барынша теріс қылықтарды жасаудан бас тартқан абзал. Өйткені, бізден кеткен қателікті періште сәби «дұрыс екен» деп қабылдайды. Әсіресе, біреу іздеп келгенде немесе телефон арқылы хабарласқан сәтте баланың аузымен «әкем үйде жоқ» деген өтірік сөзді айтқызу – апатқа апаратын амал. Өзіміз өтірікке үйір болғанымызбен қоймай, баланы да осыған мәжбүрлейміз.

Екіншіден, жұмсақтық қажет. Бала ата-анасынан жылулық сезінбейінше, оның бойында мейірім-махаббат оянбайды. Қателігін бетіне басу – орынсыз. Өз қателігін өзі түсініп, көз жеткізуі ләзім. Бұрыс басқан қадамынан сабақ алған ол саналы түрде ендігәрі жат қылықты қайталамауға тырысады. Мінезі қырсық баланы таяқпен түзеймін деу – әурешілдік. Санасына келсе – сабасына түседі. Бала болған соң, бүлдірмей қоймайды. Оны солай қабылдауымыз қажет-ақ.

Үшіншіден, кейде қаталдық та қажет. Қатал болғанда да өз орнымен. «Қатал бол, бірақ қатыгез болма» деген тұжырым бар. Ол өзінің әдепсіз әрекеті үшін әкесінің ашуланатынын білуі керек. Жұмсақтық жақсы, бірақ бұл ұстаным баланы босаңсытып жібермеуі тиіс. Сол үшін даналықпен қаталдық жасаған абзал. Қаталдық жасау – оны қатты жазалау деген сөз емес. Жекіп тастағаннан гөрі қабақ шытудың өзі жеткілікті. Бұл – баланың жаман әрекетін құптамаудың ишарасы. Сонда ол өз қателігін түсінеді. Ескеретін жайт: сынған кесе, сызылған қабырға, т.б. ұсақ-түйек дүниелер үшін қабақ шыту – дұрыс ұстаным емес. Дүниелік заттар баланың жүрегін ауыртудың қасында түк

те құны жоқ. Жат қылық, жаман әдет, күнәға жетелейтін істер үшін қабақ шыту – дүниелік нәрсенің қасында әлдеқайда қайырлы.

Төртіншіден, баламен үлкен адамдарша пікірлесу, сөйлесу ләзім. Көп жағдайда оған өз ойын ашық айтуға мүмкіндік жасаған жөн. Өз пікірін жеткізе алмай өскен бала есейгенде ынжықтық танытады. Бұған да мән бергеніміз жөн. Балаға ертегі немесе ғибратты оқиғаны әңгімелеп бердіңіз делік, айтылған жайттан алар пайдалар туралы кішкентайдың пікірін міндетті түрде сұрауымыз керек. Бұл тәсіл ойлануға, ой қорытуға көмектеседі, әр нәрсенің тағылымды тұстарынан тәрбие алуға итермелейді. Тұжырымды ой айтуға дағдыланған бүлдіршіннің өзіне деген сенімділігі артады.

Бесінші, бала тәрбиесімен жүйелі түрде айналысу қажет. Аптасына бір уақытты арнау – оның тәрбесін жүйелі қадағалауға мүмкіндік береді. Бала болған соң, бұзықтық жасайды, босаңсиды, теледидардан көргенін қайталайды. Бұл – бүлдіршінге тән табиғи құбылыс. Сондықтан оған ұдайы көңіл бөлген абзал. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Балаға бір рет көңіл қоліп, тәрбие беру – бір сағ (бір сағ – 2120 граммға тең) көлемінде садақа бергеннен де жақсы»*, – деген.

Алтыншы, оның қолымен қайырлы істерді жасау. Мысалы, көшеде кетіп бара жатырмыз делік. Жол бойында қайыр сұраған қарияға, мүгедекке балаңыздың қолымен нан, ақша, т.б. беру. Болашақта мұндай қайырлы істер оның бойында қалыптасып, өмірінде көрініс табады. Отбасымен бірге науқас адамды зиярат етудің, қайырымдылық шараларға қатысудың маңызы үлкен.

Жетінші, сыйлық беру. Сыйлық – кез-келген жүректі жібітеді. Сыйлық беру арқылы жаттаған «тақпақты» немесе берген тапсырманы оңай талап ете аласыз. Өйткені, сыйлық алған адам берушіге «берешек» боп қалады. Беру арқылы, өз «билігіңізді» жүргізесіз. Алла Елшісі сыйлық беру адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты оятып, мейірім мен бауырмашылдық сезімді арттыратынын айтқан. Мереке күндері, аптаның айтулы сәтінде, әсіресе, айт мейрамы, қасиетті жұма күндері отбасын қуанышқа кенелтеу, оларға сыйлық тарату – сауапты іс.

Сегізінші, дұғағөйлік. Игі ұрпақты, құлшылығы мен тіршілігі үйлескен үлгілі баланы Алладан тілеу – әр мұсылманның міндеті. Өйткені, қайырлы ұрпақты пайғамбарлар да Жаратушыдан сұраған. «Бала бер, бала берсең сана бер. Сана бермесең ала бер» деген канатты сөз қайырлы ұрпақты тілеуден туған ниет. Дұға – мұсылманның қорғаны. Қасиетті хадис-шарифте айтылғандай, әр пендеге ниет еткен нәрсесі беріледі. «Жақсы сөз – жарым ырыс».

Тогызыншы, балаларды алаламау, бәріне бірдей қарау, бірдей көңіл бөлу қажет. Бірін екіншісінен артық жақсы көру – үлкен кателік. Мұны бала да сезеді. Дұрыс көңіл бөлінбеген бала дағдарыс пен күйзелісті бастан кешеді.

Мұсылманның мұраты – иманды, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: *«Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – тәрбие»*, – деген екен. Тағы бір хадисте айтылғандай, ата-ана өз ұрпағына тәрбиеден артық мирас, құндылық қалдырып кете алмайды екен. Бұл – тәрбиенің маңыздылығын меңзейтін сөз. Бір ғұлама **«Бала қымбат болса, тәрбиесі одан қымбат»** депті. Ендеше, бала тәрбиесіне алаңдаған адамның әрбір ізгі амалы – садақа. Ұрпағамыз ұлағатты болғай!

Тақырыбы:

«Баланың физикалық қабілетін дамытатын ойындар топтамасы»

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ашық ауада физикалық ойындар

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 14 тамаша ашық ойындар:

1/ үйрек, үйрек, қаз:

Балаларды шеңберге отырғызыңыз, ал бір бала «үйрек, үйрек, қаз» деп басқалардың басынан түртіп жүреді. Таңдалған «қаз» содан кейін шеңбер бойымен тартқышты қуады.

2/ Қызыл шам, жасыл жарық:

«Қызыл шам» (тоқтату) немесе «жасыл жарық» (бару) деп айқайлайтын бір баланы бағдаршам ретінде белгілеңіз. Қалған балалар бағдаршамға қарай қозғалуы керек, бірақ «қызыл шам» шақырылғанда олар қатып қалуы керек.

3/ Табиғат қоқыстарды аулау:

Балаларға қарағай, жапырақ немесе гүл сияқты қарапайым сыртқы заттардың тізімін жасаңыз. Олардың тізімдегі элементтерді зерттеп, жинауына мүмкіндік беріңіз.

4/ Су шарын лақтыру:

Ыстық күндерде балаларды жұптасып, су шарларын ұшырмай алға-артқа лақтырыңыз.

5/ Көпіршік кеші:

Көпіршіктерді үрлеп, балаларға оларды қуып шығуға рұқсат етіңіз.

6/ Nature I-Spy:

Балаларды айналадағы құс, көбелек немесе белгілі бір ағаш сияқты әртүрлі табиғи заттарды табуға және анықтауға шақырыңыз.

7/ Үш аяқты жарыс:

Балаларды жұптастырып, жұптасып жарысу үшін бір аяқты біріктіріп, байлау.

8/ Hula Hoop сақина лақтыру:

Хула құрсауларын жерге қойып, балаларға бұршақ дорбаларын немесе сақиналарды лақтырыңыз.

9/ Кедергілер барысы:

Балалардың шарлауы үшін конустарды, арқандарды, хула құрсауларын және туннельдерді пайдаланып көңілді кедергілер жолын жасаңыз.

10/ Арқан тартыс:

Балаларды екі командаға бөліп, жұмсақ арқан немесе ұзын орамал арқылы достық арқан тартыңыз.

11/ Қап жарыстары:

Балаларға дорба жарысында секіру үшін үлкен қапшықтарды немесе ескі жастық қаптарын беріңіз.

12/ Табиғат өнері:

Балаларды жапырақ сүрту немесе балшықтан суреттер жасау сияқты табиғи материалдарды пайдаланып өнер жасауға шақырыңыз.

13/ Ring-Around-the-Rosy:

Балаларды шеңберге жинап, осы классикалық әнді айтыңыз, соңында бәрі бірге құлап, көңілді айналдыруды қосыңыз.

14/ Ашық пикник және ойындар:

Физикалық ойынды саябақта немесе ауладағы пикникпен біріктіріңіз, мұнда балалар дәмді тамақтан кейін жүгіріп, секіре және ойнай алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған физикалық ойындар.

Қауіпсіздікке әрқашан басымдық беруді және ойындардың балалардың жасы мен қабілеттеріне сәйкес келетініне көз жеткізуді ұмытпаңыз.

Қорытынды ой

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған физикалық ойындар тек энергияны жағу әдісі емес; олар қуанышқа, оқуға және ұмытылмас тәжірибеге апаратын қақпа. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған осы 33 физикалық ойын арқылы сіз әрбір ойынды балаларыңыздың өсу мен жаңалық ашу сапарында өзімен бірге алып жүретін құнды естелікке айналдыра аласыз деп үміттенеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене белсенділігінің мысалдары қандай?

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған физикалық белсенділіктің мысалдары: шар волейболы, Саймон Сайс, жануарлар жарысы, шағын олимпиада және жабық боулинг. Балалар үшін қандай қызықты физикалық жаттығулар бар?

Міне, балаларға арналған физикалық жаттығулар: Табиғатты тазарту, су шарын лақтыру, көпіршікті кеш, үш аяқты жарыс және сақина лақтыру.

«Ескендир» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

«Нейрогимнастикалық ойындар арқылы қолдың ұсақ
саусақ моторикасын дамыту»

Нейрогимнастика — мидың екі жарты шарының жұмысын үйлестіріп, логиканы, есте сақтауды және қолдың ұсақ моторикасын қатар дамытатын арнайы жаттығулар кешені. Ол сөйлеу қабілетін жақсартып, баланың жазуға дайындығын жеңілдетеді.

Төменде күнделікті қолдануға болатын тиімді әрі қызықты нейрогимнастикалық ойындар тізімі берілген:

- **«Тұщы-бұщы» (Олақандар жаттығуы):** Оң қолдың сұқ саусағын сол қолдың бас бармағына түйістіріңіз, ал сол қолдың сұқ саусағын оң қолдың бас бармағына тигізіңіз. Содан кейін саусақтарды кезек-кезек ауыстырыңыз.
- **«Шырша – үй – көпір»:**
 - *Шырша:* екі қолдың саусақтарын айқастырып, жоғары көтеріңіз.
 - *Үй:* алақандарды 45 градусқа көлбеу ұстап, саусақ ұштарын түйістіріңіз.
 - *Көпір:* екі алақанды тігінен параллель ұстап, саусақтарды біріктіріңіз. Үш қимылды кезекпен жылдам қайталаңыз.
- **«Қоян мен ит»:** Оң қолмен «қоян» белгісін (сұқ және ортаңғы саусақтар тік, қалғаны жұдырықта), сол қолмен «ит» белгісін (бас бармақ жоғары, қалған саусақтар біріктіріліп бүгілген) жасаңыз. Оларды бір уақытта кезек-кезек ауыстырыңыз.
- **«Сақина»:** Бас бармақ пен сұқ саусақты сақина етіп біріктіріңіз, қалған саусақтарды тік ұстаңыз. Екі қолмен бірдей жасай отырып, бас бармақты ортаңғы, аты жоқ және шынаяқ саусаққа кезек-кезек тигізіңіз.

Ұсақ саусақ моторикасын шыңдау – тілді шыңдау. Ал тілді шыңдау - ақыл-ойды да шыңдау деген сөз. Ұсақ моториканы дамыту барысында біз мынадай нәтижелерге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіледі.
2. Қимыл-қозғалыс қабілеті артады.
3. Икемділігі арта түседі.
4. Логикалық ойлау қабілеті дамиды.
5. Танымдылық деңгейі артады.

Ойындар арқылы біз баламен қарым-қатынасты нығайтып, баланың өз-өзіне деген көзқарасын өзгертіп, ойынға, оқуға деген ынтасын көтереміз.

1. Шаттық шеңбері:
2. «Мені тап» ойыны
3. Жеке баламен жұмыс жасау (әр балаға жеке тапсырма беру)
4. «Ағаш жапырақтары»

1. Шаттық шеңбері.

Саусақ жаттығулары

СәлШынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

Доп: алақандар бір - бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).

Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

2. «Мені тап» ойыны

Мақсаты: сипап сезу арқылы таным үрдісін дамыту.

Нұсқауы: балалардың алдына карточкалар мен ішінде әртүрлі дақылдар жасырылған шарлар мен капсулалар таратылады. Балалар сол шарларды ұстап қарау арқылы және капсулаларды қозғау арқылы не бар екенін анықтап карточкаға сәйкестендіріп қоюы керек. Ол капсуланың ішінде: секер, тиын, моншақ, т. б. жасырылады.

3. Жеке жұмыс: Әр балаға жеке жұмыс таратылады.

1. Жіпке ілгек пен моншақтарды тізу;
 2. Жармаларды сәйкестендіру;
 3. Макарондарды жіпке тізу (2 бала бірге жасайды);
 4. Жарманы воронкаға қасықпен құю;
 5. Шар мен капсуладағы жасырылған заттарды табу (2 бала бірге жасайды);
 6. Бұршақты жармадан сүзіп алу;
 7. Макаронды түсіне қарай бөлу (2 бала бірге жасайды);
4. «Ағаш жапырақтары»

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту.

Көрнекілігі мен құралдары: Ағаштың суреті, желім, ағаштың шаблон, жарма.

Нұсқауы: Ағаштың шаблонын пайдаланып желімді қылқаламмен жағып, үстіне алдын ала боялып дайындалған жарманы себеміз.

- Жалпы моторика және қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.
- 1) Күн шықты, жерді жылытты
- 2) Ағаш өседі
- балалар ақырындап тұрады
- 3) Жел ағашты тербетеді.
- қолдарды тербетеміз
- 4) Ағаштың тамыры мықты,
- аяқ басынан өкшеге дейін дөңгелету
- 5) Бұтақтары күнге тартылады
- қолымызды жоғарыға көтереміз
- 6) Бұтақтарда жапырақ көп

- саусақты сілкеміз
- 7) Орманда ағаш көп
- жан-жақты көрсетеміз
- Балақай берілген тапсырмаларды орындайды, қол қимылымен көрсетеді.

Заттық саусақ жаттығулар:

- түйме тағу мен оны шешу;
- аяқ киім бауын байлау;
- арнайы рамкалардағы бау;
- мозаикалармен ойын;
- құрғақ бассейн;
- конструкторлармен ойын;
- тандап алу жаттығулары (мысалы: фасоль мен бұршақты араластыру).

«Сәбіз салаты» саусақ ойыны

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)

Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)

«Ескендир» жеке балабақшасы

Кеңес

«Баланы мектепке қалай дайындау керек?»

ж. 526

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық жағынан дайындау, бұл қазіргі таңда психология - педагогика ғылымдарындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

А. В. Запорожец, мектепке баланың дайындығын былай сипаттаған «баланың жеке ерекшеліктерінің бір тұтас жүйе ретінде қалыптасуын көздеген. Оның мотивациялық ерекшеліктері, таным қабілеттерінің даму деңгейі, ерік - жігер механизмінің қалыптасу деңгейінің өзара байланысы». Яғни, баланы жан - жақты психологиялық тұрғыдан дайындау болып табылады. Баланы балабақшада ғана дайындап қоймай, ата - аналарында кіріктірген жөн. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Балабақшамен мектеп арасында өзара байланысты орнату. Көптеген ата - аналар баланың мектепке бару үшін тек әріптерді танып, санай алса болғаны деп тұжырымдайды. Әрине бұнда маңызды фактор. Баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығына назар аудармайды. Бұл кезең балалар үшін өте ауыр. Яғни балабақшадан мектепке бару. Әрине, балабақшада да өзіндік әдіс – тәсілдерін қолданады, сабақтар өтіліп, психолог - педагогта балалармен жұмыс жүргізіп мектепке дайындайды. Алайда баланың жан - жақты дамуына мектепке бейімделуіне ата - аналар көп әсер етеді.

Соның негізінде ата - аналарға балаларының мектепке психологиялық жағынан дайындығын мөлшерлеуіне өзіндік диагностикалау тесті беріліп отыр.

Американдық психолог Джеральдин Чейпидің ұсынған тестін қолдана отырып, ата - аналар балаларын бақылай отырып, қарапайым сұрақтардың жауабын қорытындылай келе психологиялық даму деңгейін шамамен болжай алады.

Таным қабілетінің даму деңгейін бағалау

1. Бала негізгі ұғымды меңгерген бе, мысалы: оң жақ, сол жақ, үлкен, кіші
2. Аяқталмаған оқиғаның сонын болжай алады ма?
3. Үш нұсқауды есіңе сақтап, орындай алады ма, мысалы: қуыршақты алып кел
4. Әріптерді танып, атай алады ма?

Базалық тәжірибесін анықтау

1. Балаңыз кітапханада болды ма?
2. Хайуанаттар бағына, музейге т. с. с барған ба?
3. Сіз балаңызға үнемі ертегі немесе қызықты оқиғалар оқып бересіз бе?

Сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау

1. Өзін қоршаған ортадағы негізгі заттарды атай алады ма?
2. Үлкендердің сұрағына оңай жауап бере алады ма?
3. Заттардың не үшін керек екендігін айта алады ма?
4. Заттардың қайда тұрғанын айта ма?
5. Оқиғаларды немесе ертегі - әңгімелерді әңгімелеп айтады ма?
6. Сөздерді анық, дұрыс айтады ма?
7. Грамматикалық жағынан сөздерді дұрыс айтады ма?
8. Басқа балалармен қарым - қатынасқа оңай түсе алады ма?

Эмоционалды даму деңгейін бағалау

1. Көңіл - күйі қандай болып жүреді?
2. Өзін жеке тұлға ретінде сезінеді ме?
3. Күн тәртібі өзгерген жағдайда тез бейімделеді ме?
4. Өз еркімен жұмыс жасайды ма, достарымен жарысқанды ұнатады ма?

Қарым - қатынасқа түсу қабілетін бағалау

1. Басқа балалармен ойнайды ма, ойыншықтарымен бөліседі ме?
2. Кей жағдайларға байланысты кезек сақтайды ма?
3. Басқалардың сөзін бөлмей тыңдай алады ма?

Физикалық даму деңгейін бағалау

1. Есту қабілеті жақсы ма?
2. Көру қабілеті жақсы ма?
3. Бірнеше уақытқа дейін тыныш отыра алады ма?
4. Жалпы қимыл – қозғалысы жақсы дамыған ба, мысалы: доп еркін ойнау, баспалдақпен жүру т.с.с

Белсенді, шымыр, шапшаң көрінеді ме?

Мектепке алғаш бару бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға бейімделуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы болады. Демек, «Баланы мектепке даярлау қалай болуы керек?» деген сұрақтың ата-ана үшін маңыз артып, тиісті жауап іздейді. Бұл сұраққа көптеген ата-аналарда екі пікір қалыптасқан: бір ата-аналар алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап данышпан студі мақсат тұтса, кейбіреулері, керісінше, бала білмей барса, барлығын мектепте үйренуі тиіс деген пікірде. Осы пікірлердің алтын ортасын қалай таңдаймыз? Баланы мектепке физикалық жағынан да, психологиялық жағынан да қалай дайындаймыз?

Бірінші сыныпқа баратын бала жазу-сызуды біліп баруы міндетті емес, оған барлығын мектепте үйретуге міндетті. Алайда, қазіргі заман оқу бағдарламасының тапсырмаларын ауыртпалықсыз орындау үшін, іс-жүзінде мектеп табалдырығын аттамас бұрын жазу мен оқуды біліп барғаны дұрыс. Баланыз мектепке бармас бұрын оқу-жазуды білсе — жақсы! Балаға жазу-сызу барысында қарындашты немесе қаламсапты дұрыс ұстап үйретуді ұмытпаңыз. Баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы шарт, сөйлеген сөзінің мағынасы өзіне түсінікті болу керек, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Жазып санауымен ғана шектеліп қана қоймай, салыстыра білуді және талдауды, ойлай білуді меңгере алу тиіс. Сонымен қатар, өздігінен қорытынды жасай білсе, көп нәрсені жақсы түсінеді.

Көрнекі әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен мөлшерін ұйқастырғанда қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін ұйымдастырып шығарады.

Кез-келген ата-ана баланың өсіп жетілуіне, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл ойы мен дене құрылысы жағынан жан-жақты дамуына баулуы керек.

ь

Баланың мектепке дайын болу жағдайы бірнеше түрге бөлінеді:

1. Дене бітімінің дайындығы — баланың салмағы мен бойының өз жасына сай болуымен қатар он екі мүшесі сау болуы керек;
2. Зиятының дайындығы — баланың ой-өрісінің, есте сақтау қабілетінің, тілінің, зейінінің, өз еркімен тапсырма орындай алуының, мақсат қоя білуінің, қателігін түсіне білу қабілеттілігінің өз жасына сай болуы;
3. Әлеуметтік-психологиялық дайындық — баланың жаңа ортаға деген көз-қарасының, оқушы жауапкершілігінің, өзін-өзі ұстай білуінің, үлкен кіші адамдармен қарым-қатынасының өз жасына, мектептердің талабына сай болуы;
4. Ерік аясының дайындығы — баланың өз іс-әрекетін мақсатты түрде қалыптастырып, өз кемшіліктері мен жетістіктерін дұрыс қабылдап, әрекет ете білуі;

Әлеуметтік-психологиялық дайындық

Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар әріптерді таңумен, сандарды санаумен ғана шектеліп жатады. Одан басқа, баланың мектепке қажетті құрал-саймандары мен киім-кешектеріне баса назар аударады. Әрине, бұл дайындықтарсыз баланың мектепке дайын болуы екіталай. Бірақ баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен, материалдық дайындығымен шектеліп қоймай, оны оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Баланың психикалық үрдістерінің дамуы оқуда және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді.

Мектепке келген бала «оқимын» деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ, кейде бала оқуға барғысы келмейді, дегенмен оның себебі әр түрлі болады: бір балалар мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен баруы мүмкін. Алайда, мұндай ықыласпен келген балалар біраз уақыттан кейін мектептің олар үшін қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісіне қызығуы қажет. Сонда ғана баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік туады. Сонымен бірге баланың мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасауы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек.

Баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі ерік-жігерінің даярлығы болып саналады. Баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш пен бойындағы қабілеттерін жұмсай білуі, қиындықтарды жеңе білуі балалардың психикалық үрдістерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Егер балалардың оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, бала оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінен өзінде жағымсыз эмоциялық сезіну пайда болып, қорқыныш пайда болады. Сондықтан балалардың көңіл күйі болмай, себепсізден жиі ауыруы «мектеп невроты» сипатында көрінеді. Яғни мектепті еске алса болғаны, жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стресс тудыратын факторға (стрессогендік фактор) айналып, денсаулығының нашарлануына әкеп соғады. Осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтар айтып, баланың мектепке деген жағымды

катынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы — баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа балалардың ойымен санасуға үйрету.

Балаларды мектепке психикалық даярлау бағыттарын тәжірибеде жүзеген асыратындар — ата-аналар, мұғалімдер, бала-бақша психологтары. Психологтың міндеті: психодиагностиканың әдістемелерін қолдану арқылы және зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, алты жастағы баланың оқуға дайындығын анықтау.

Күн тәртібін орнатыңыз

Психологтың сөзінше, белгілі бір күн тәртібі дұрыс әдеттерді қалыптастырады және үй тапсырмасын орындауды жеңілдетеді. Мектепке дайындық кезеңінде бала кешкі 22-ден кешікпей ұйқыға кетуі керек. Ал ұйқының ұзақтығы кем дегенде 9 сағатты құрауы тиіс.

Дұрыс тамақтануын қадағалаңыз

- Баланы күштеп тамақтандырмаңыз, жеңіл-желпі тамақтануды доғарыңыз. Ал тәтті нанды пайдалы кептірілген жемістермен ауыстырған дұрыс. Мәзірден қытырлақ картоп, фаст-фуд, дәмдеуіштер мен тәтті газдалған сусынды алып тастаңыз. Күнделікті тамақтануға шырндар, маусымдық көкөністер мен жемістерді қосыңыз.

Сабак орындайтын орнын дайындаңыз

- Оқушы отыратын орын қауіпсіз, дұрыс жарықтандырылған, әрі денсаулыққа ыңғайлы екеніне көз жеткізіңіз.

Артық талап қоймаңыз

- Балаға уақытынан бұрын білім беруге тырыспаңыз. Алдын ала оқып-біліп барған баланың қызығушылығы төмендейді, сабақ барысында алаңдай бастайды. Нәтижесінде бала білім алуға қызығушылық танытпайды.

- **Дұрыс эмоционалды көңіл күй қалыптастырыңыз**

- Бала қателесуден қорықпауы керек. Егер ондай жағдай бола қалса, ұрыспаңыз. Әйтпесе ол қателесуден қорқып, өзіне деген сенімі төмендейді. Егер қатесін байқасаңыз, баланың назарын оған аударыңыз және түзетуді ұсыныңыз, мақтауды ұмытпаңыз.